



ПРЕСС-РЕЛИЗ

«Альянс Банкі» АҚ халықаралық стандарттар бойынша оң мәнді капиталды қалпына келтірді

Алматы, 2012 жылғы 11 сәуір. «Альянс Банкі» АҚ қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес аудиттелген, шоғырландырылған 2011 жылдың есептемесін жариялады. Бұл есептеме «Альянс Банкі» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында бекітілуі қажет.

2011 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтерге сәйкес ҚЕХС бойынша Альянс Банкінің **мөншікті капиталы** 2010 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда 106 млрд. 67 млн. теңгеге артып, 1 млрд. 32 млн. теңгені құрады. (2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайына сәйкес ҚЕХС бойынша капитал тапшылығы 105 млрд. 35 млн. теңгені құрады)

«Альянс Банкі» АҚ **активтері** 2011 жылғы 31 желтоқсанда 529 млрд. 888 млн. теңгені құрады - 2010 жылдың нәтижелерімен (427 млрд. 584 млн. теңге) салыстырғанда 102,3 млрд. теңгеге немесе 24 %-ға артты.

Бұл ретте Банктің несиелік портфелі (қалыптасқан резервтерді (провизияларды) алып тастағанда) 2010 жылдың нәтижесі 251 млрд. 827 млн. теңгеден 77 млрд. теңгеге немесе 30 %-ға артып, 2011 жылдың қорытындысы бойынша 328 млрд. 784 млн. теңгені құрады.

Міндеттемелер 532 млрд. 619 млн. теңгеден (2010 жыл) 2011 жылы 528 млрд. 856 млн. теңгеге дейін, яғни 3 млрд. 763 млн. теңгеге немесе 0,7 %-ға қысқарды. Қысқару негізінен бағынышты борыш пен борыштық құнды қағаздар бойынша міндеттемелердің төмендеуі есебінен болды.

Бұл ретте **клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің** көлемі 2010 жылғы 208 млрд. 798 млн. теңгеден 2011 жылдың қорытындысы 294 млрд. 237 млн. теңгеге дейін артты, яғни 85,4 млрд. теңге немесе 41 %.

Сыртқы міндеттемелерін орындау мақсатында кестеге сәйкес Банк 2011 жылы жалпы сомасы 76,4 млн. АҚШ долларын құрайтын еурооблигациялар бойынша купондық сыйақының екі төлемін жасады (2010-2011 жж. төлемдердің жалпы сомасы 119,6 млн. АҚШ долларын құрады), сонымен қатар өндіріп алынған сомалар есебінен төленетін жалпы сомасы 24,1 млн. АҚШ долларын құрайтын Облигациялар бойынша төрт төлем жүргізілді. (2010-2011 жж. жалпы сомасы 59,9 млн. АҚШ долларын құрайтын жеті төлем жасалды).

«Альянс Банкі» АҚ 2011 жылғы **пайдасы** 39 млрд. 887 млн. теңгені құрады. 2010 жылы Банк қарызын қайта құрылымдау нәтижесінде пайда мөлшері 334 млрд. 434 млн. теңгені құрады.



АльянсБанкі

Қазақстан Республикасы, 050004 Алматы қ-сы, Фурманов к-сі, 50
Республика Казахстан, 050004, город Алматы, ул. Фурманова, 50
50 Furmanov Str., P.O.Box 050004, Almaty, Republic of Kazakhstan
Phone: +7 (727) 258-40-40 info@alb.kz
Fax : +7 (727) 259-67-87 www.alb.kz

ПРЕСС-РЕЛИЗ

«Альянс Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы Мақсат Қабашев ҚЕХС бойынша 2011 жылғы Банк есептемесіне келесідей түсініктеме берді:

«2011 жылы Банк алдына қойылған міндеттердің барлығын орындады деп сеніммен айта аламын. Барлық маңызды көрсеткіштер бойынша айтарлықтай өсімге қол жеткіздік, сонымен қатар халықаралық стандарттар бойынша меншікті капитал көлемі оң мәнді көрсеткішке айналып, ретке келтірілді. Аталған жайт болашаққа батыл жоспарлар құруға негіз болады, өйткені капиталдың артуы Банкке инвесторлар тартуға, капитал нарықтарында қарыз алуға, жеке құнды қағаздарын орналастыруға, шетел рыноктарында Банк беделін арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, бізге қорландыру құнын айтарлықтай төмендетіп, одан әрі белсендірек дамуға жол ашады».

Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласыңыз:

«Альянс Банкі» АҚ Баспасөз қызметі

Тел. +7 (727) 258 40 40

E-mail: pr@alb.kz

Веб-сайт: www.alb.kz